




# Тыныс жетіспеушілігі



*Тыныс жетіспеушілігінің формалары және осы кездегі қанның газдық құрамының өзгерістері*

# Тыныс жетіспеушілігінің формалары

1. Вентиляциялық - компенсаторық механизмдер қосылуынан ағзада оттегі жеткіліксіздігі дамымай жүретін вентиляция өзгерісі.

Альвеолярлы-респираторлық, қанның газдық құрамы бұзылысымен сипатталатын (вентиляция бұзылысымен бірге) және қан айналымында қанықпаған өнімдер жиналуымен жүретін гипоксемиямен жалғасуы:

*а) жартылай (гиперкапниясыз гипоксемия);*

*б) толық (гиперкапниямен жүретін гипоксемия).*

- ❖ Бронх-өкпелік тыныс жетіспеушілігі :  
*обструктивті, рестриктивті және аралас болуы мүмкін.*
- ❖ Тыныс жолдарының зақымдалуы жартылай немесе толық өткізгіштіктің бұзылысына соқтырады (бөгде зат тұрып қалғанда, шырышты қабат ісінуінде, бронхоспазмда, ісікпен басылуында, бронхиальды бездер секретпен бітелгенде), *обструктивті* тыныс жеткіліксіздігі дамиды.
- ❖ *Рестриктивті* формасы жедел және созылмалы пневмония, эмфизема, пневмоселероз , өкпенің немесе оның бөлшегінің резекциясы және т.б. бұзылыстарда тыныс бетінің кемуімен жүреді.

Клиникалық көріністері	Рестриктивті ТЖ	Обструктивті ТЖ
ентігу	Инспираторлы	Экспираторлы, жиі жөтел ұстамаларынан кейін өзгереді
цианоз	Орталық	Орталық , аз өнімді жөтел ұстамаларында күшеюі мүмкін
жөтел	Болмауы мүмкін	Азөнімді немесе қақырықпен
аускультация	Өзгерістер типтік емес	Құрғақ сырылдар, форсирленген жөтел кезінде пайда болады немесе күшейеді
Спирография мәліметтері	ӨТС және ӨМВ төмендеген, басында ФӨТС1с аз өзгерген	ӨМВ және ФӨТС1с айқын төмендеген

<i>ЖТЖ деңгейлері</i>	<i>Көрсеткіштері</i>
I деңгей (шамалы)	Тыныс жиілігі мин 25-30 рет(тыныс орталығының тежелуі болмаса), шамалы акроцианоз,тері бозарған, шамалы тахикардия,гипертензия
II деңгей (айқын)	Тахипноэ мин. 35-40 дейін , айқын көгерулер, тері қабаты ылғалды, тахикардия мин 120-140, АГ.
III деңгей (шекті)	Тахипноэ мин.40 жоғары және беткей сирек тыныс 8-10 рет(мин.) теріде көгеру іздері, пульс жіп тәрізді, аритмиялы, жиі, АҚ анықталмайды, бұлшықеттік тартылулар мүмкін, діріл.

# Шағымдары

- Ентігу
- Бас ауыруы
- ұйқысыздық
- Ес бұзылыстары

# Анамнезі

- Өкпе аурулары
- Кифоскалиоз
- Бронхиальды демікпе
- ӨСОА
- Инсульт



# Объективті

- Дененің мәжбүрлі қалпы
- Тынысқа қосымша бұлшықеттердің қатысуы
- Орталық (диффузды) цианоз
- Тахипноэ
- Тахикардия
- Негізгі аурулардың көріністері

# Лабораторлы мәліметтер

- Қанның парциальды қысымының төмендеуі ( $P_{aO_2}$ ) 60 мм с.б. кем
- $P_{aCO_2}$  жоғарылауы 50 мм с.б. артық
- Спирография мәліметтері:  $\dot{V}_{TCS}$  мен  $\dot{V}_{MV}$  төмендеген

# ЕМ негіздері

- Негізгі ауруды емдеу
- оксигенотерапия